

**"Мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 102-1252 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 16 наурыздағы № 102-528 қаулысы

Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңдарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 102-1252 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 839 болып тіркелген, 2014 жылғы 13 қыркүйектегі № 103 (3160) «Астана ақшамы» және 2014 жылғы 13 қыркүйектегі № 102 (3178) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. «Астана қаласының Ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Құрманғалиев Әсет Қабиұлы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Н.Р. Әлиевке жүктелсін.

*Әкім*

*Ә. Жаксыбеков*